


28.08.2025 ж. педагогикалық
кеңестің № 1 хаттамасымен
келісілген

«Бекітілді»
№ 9 «Жұлдыз-ай» бөбекжай-балабақшасының
басшысы м.а.:


С.С. Баймагамбетова

**2025-2026 О.Ж. АРНАЛҒАН
АНАЛАР МЕКТЕБІНІҢ
ЖОСПАРЫ**

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ», «АНАЛАР МЕКТЕБІ»

Отбасы – тәрбиенің кайнар көзі. Бала тәрбиенің алғашқы бастамасын отбасында алады, онда адамгершілік тәрбиесінің негізі қалыптасады. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін салт-дәстүрлер мен асыл мұратқа баулу отбасында іске асырылады. Адамдар арасындағы өзара түсіністікке әкелетін айналасындағыларды жақсы көру және оларға құрмет көрсету дәстүрлері отбасында қалыптасады.

Отбасында балаларды тәрбиелеумен көбінесе аға буын – аталар мен әжелер айналысты. Дана қарттар отбасындағы дәстүрлерді сақтап, оларды өскелең ұрпаққа жеткізеді.

Қазақ халқы «Қызға қырық үйден тыйым салу» деген мақалдың мағынасына көңіл бөліп, қыздардың тәрбиесіне ерекше мән берген. Жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз баланы – бүкіл бір ұлттың тағдыры мен болашағы деп білген.

Қазақ отбасында ұлдардың тәрбиесімен ер адамдар (әкесі, атасы, ағасы және т.б.) айналысса, ал қыздардың тәрбиесі анасына, әжесіне жүктелді.

Анасы қызын үй шаруасына, тазалық пен ұқыптылыққа баулыса, әжесі немересінің рухани тәрбиесіне көбірек көңіл бөлді.

Қыз баланы дүниеге келген сәтінен бастап әжесі құшағына алып, бесік жырымен әлдилеп, мейірімін төгіп, тәрбиелейді. 5-6 жасқа дейін қыздарға қатысты барлық рәсімдер мен дәстүрлер орындалып, олардың шашын өріп, құлағына сырға салады.

Әжесі қыз балаға кесте тігуді, тоқуды, және басқа да қолөнерді (жүн иіру, жүн түту, жүнді сабау, жіпті түрлі түстерге бояу, алаша, кілем тоқу) үйретеді. Қыз бала әжесінің жанында жүріп, өмірлік тәжірибе жинақтайды. Әжелер жүн иіріп отырып, жанында отырған немересіне өздерінің өмірлік тәжірибелері, ертегі мен аңыздар, жаман және жақсы әдеттер туралы айтып, сол арқылы ұлттық салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға деген сүйіспеншілігін оятып, мейірімділікке баулиды.

Қыз бала мұның бәрін түсініп, сезініп, әжесі мен анасынан үлгі алады, оларға еліктеп, ұқсағысы келеді. Қыз-елдің көркі, болашақ ана, келешекте ошақтың ұйытқысы, берекесі болатындықтан, халықтың тәрбиесі мен болашағы қыздарға байланысты болған. Сондықтан халық қыз баланы тәрбиелеуде жазалау әдісін қолданбай, насихаттау, мадақтау, сендіру, үйрету сияқты түсіндіру әдісінің ең тиімді, қарапайым тәсілдері арқылы іске асырды. Осы мақсатта әжелер ертегілерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды, шешендік сөздер мен баталарды, лирикалық әндерді, аңыздар мен халық ауыз әдебиетінің шығармаларын қолданды.

Қазақ отбасында қыздардың бойына үлкендерді сыйлау, сыпайылық пен қарапайымдылық, нәзіктік сияқты қасиеттерді сіңіре отырып, оның киіміне, әрекеттері (қылықтары) мен мінез-құлқына, сөйлеу мәнеріне үлкен мән берді.

Бала кезінен бастап қыздарға «болмайды» және «ұят болады» деген сөздердің мағынасын түсіндіріп отырды. Үлкендердің жолын кесуге болмайды, айқайлап сөйлеуге және қатты күлуге болмайды, ыдыс-аяқты сылдыратпау, босағаны кермеу, есікті теуіп ашпау, үлкендерден жоғары отыруға болмайды және т. б.

Қазақ халқы қашанда қыздың абыройын (ар-намысын) бәрінен де биік қойған. Қыздардың ар-намысы, адалдығы тазалықтың, әдептіліктің, парасаттылықтың, тектілік пен қайырымдылықтың белгілері болып саналады. Себебі бүгінгі қыз бала-ертеңгі ана. Ал, ұрпақтың ұлағатты болып өсуіне тікелей ықпал ететін аналар. Жан мен тәnniң тазалығы отбасын қорғайды және отбасы беріктігінің кепiлi болып табылады.

Осылайша, ұлттық тәрбие болашақ аналардың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ол қыз баланы тәрбиелеудің негізі болып табылады. «Қызды тәрбиелей отырып ұлтты тәрбиелейміз» деген канатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екендігін білдіреді.

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ», «АНАЛАР МЕКТЕБІ» ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алады.
- 1.2. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» балабақшалар жанында ұйымдастырылады.
- 1.3. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.4. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» балабақша тәрбиеленушілерінің отбасы үшін (әжелер, аналар - заңды өкілдер) және мектепке дейінгі ұйымға баратын 6 жасқа дейінгі балалар үшін құрылады.
- 1.5. Осы ереже мектепке дейінгі ұйым жанында жұмыс істейтін «Әжелер мектебінің», «Аналар мектебі» қызметін реттейді.
- 1.6. «Әжелер мектебінің», «Аналар мектебінің» қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. «Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» мақсаты мен міндеттері

- 2.1. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» қоғамдық-отбасылық өзара ықпалдастықтың жаңа нысандарын дамыту, МДҰ-ның әлеуметтік мәртебесі мен ролін арттыру мақсатында құрылады.
- 2.2. «Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» негізгі міндеттері:
 - отбасына баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
 - ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық білімдерін кеңейту;
 - отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
 - барлық отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
 - педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу;
 - отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің бірізділігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
 - аға буынға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

3. «Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» қызметін ұйымдастыру

- 3.1. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» қызметінің негізгі нысандары: консультациялар, сұхбаттасу, пікірталастар, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, тәжірибе алмасу, бейнежазбаларды қарау, викториналар, спектакльдер ұйымдастыру болып табылады.
- 3.2. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» ата-аналарға мынадай сұрақтар бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді:
 - бала тәрбиесіндегі аға буынның ролі;
 - баланы тәрбиелеуде жас ата-аналар мен аға буын арасында түсіністіктің қалыптасуы;
 - балалардың эмоционалды және практикалық тәжірибесін қалыптастыру;
 - мектеп жасына дейінгі балалармен өзара әрекет ету тәсілдері;
 - мектеп жасына дейінгі баланың табысты әлеуметтену процесіне отбасының ықпалы.
- 3.3. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебінің» қызметін жүргізу үшін мынадай құжаттаманы жүргізу қажет:
 - «Әжелер мектебінің», «Аналар мектебінің» жұмыс жоспары;
 - «Әжелер мектебінің», «Аналар мектебінің» жұмыс кестесі.
- 3.4. «Әжелер мектебінің», «Аналар мектебінің» жұмыс кестесін мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітеді.
- 3.5. «Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебіне» басшылықты мектепке дейінгі ұйымның басшысы жүзеге асырады.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	«Шаш өру-қазақ қызына тән»	Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б жан — жакты ұлттық қасиеттерін таныта білу; оқушылардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту; қазақ халқының әдет — ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру	Қыркүйек
2	«Киіз басу»	Қазақ халқының ұлттық өнері -киіз басу турлы балалаға айту. Оның жасалу жолы мен түрлерін айту, көрсету.	Қазан
3	«Шашбау-шаш сәні»	Балаларға шашбау туралы түсінік бере отырып, шашбау тағы дәстүрін көрсету.	Караша
4	«Қазақтың тыйым сөздері мен ырымдары» (ырым, тыйым сөздер)	Әжелер ұлағатынан өнеге ала отырып, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне білуге үйрету.	Желтоқсан
5	«Жүн түту» (жана технологиямен дайындалған түрлі түсті жүн материалы қолданылады)	Бейне сюжет арқылы қазақ халқының жүнді өңдеу технологиясымен (қойды қырку, жүнін тазалау, жуу тәсілдерімен) таныстыру. Жуылған жүнді түту қажеттілігін түсіндіріп, осы әрекетті орындату. Ұқыптылық, еңбек сүйгіштік сапаларын тәрбиелеу.	Қантар
6	«Халық дәстүрі-асыл қазына»	Балаларға салт-дәстүр туралы түсінік бере отырып, «Бесікке салу», «Қырынан шығару» дәстүрлерін көрсету	Ақпан
7	«Кілемше тоқимыз»	Түтілген, одан соң иірілген жіптен тоқудың әдісін көрсету, бір бізбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, шыдамдылыққа, басталған жұмысын аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру, таным үрдісін, ұсақ қол моторикасын дамыту, сөздік қорын молайту	Наурыз
8	«Мен анамның көмекшісімін»	Балаларға аналарға көмектесу керектігі туралы айту, анаға қолқанат болуға баулу, аналарға көмектесе отырып, үй шаруасына икемдеу	Сәуір
9	«Дастарханның басында әдептен біз озбаймыз!»	Дастархан басындағы мәдениет дағдыларының бастапқы нышандарына баулу.	Мамыр

**МККК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
қыркүйек айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 23-нде МАД «Балапан» тобында «Шаш өру-казак кызына тән» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – казак кызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б жан — жакты ұлттық касиеттерін таныта білу; балалардың ойлау, есте сақтау, танымдық касиеттерін дамыту; казак халқының әдет — ғұрпы арқылы кыз бала тәрбиесіне тән касиеттерді бойына сіңіру.

Аталған іс-шараға «Балапан» тобының аналары арнайы шақырылды және кіші топтардың тәрбиеленушілері де катысты. Іс-шара барысында кыз балаларға шаш өру-казак кызына тән салт-дәстүрімізді бірі екенін айтып түсіндіру. Әр нәрсеге мән бере қараған ойлы халқымыз сұлудың көркі —шаш, шаштың көркі шаштеңге деп есептеген. Сұлу шашқа тағылған шолпылар кыз-келіншектер жүрген кезде күн сәулесіне шағылысып, көздің жауын алады. Иесі қозғалғанда, олар әсем дыбыстар шығарып, сұлу кыз, кермаралдай керілген келіншектердің әсем жүрісіне үн қосып, ару сын мен сыйпатын одан әрі ажарлай түседі. Қазақ халқы әйелдердің сұлу шашын ертеден-ак жоғары бағалаған. Осыған байланысты әдет-ғұрыптар, тыйымдар туған. Шашынды отқа тастама, шашынды жайма, шашынды кима деген тыйымдар бар. Жас әйелдің шашын маңайдан айырып, екі бұрым етіп өрген соң онын арасын бір сүйемдей етіп ұшынан бір-біріне жалғайды, бұл «жұбымыз жазылмасын» деген ак тілек белгісі. Ал, кыздар бұрымын дара өреді, бір-біріне жалғамайды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарына сәйкес аталмыш іс-шара шаш өру өнеріне арналды. Кыз балалар өрімнің түрлерін үйреніп, шашбау мен шаштеңге түрлерін ажырата білді. Келген аналар кыз балаларға шаш өрудің мағынасын түсіндіріп, шашқа байланысты дәстүрге тоқталып өтті. Іс-шараға қатысқан аналар кыз балаларының шаштарын өріп, шашбау әшекейлерін тағып көрсетті. Топтың кыз балалары «Қамажай» биін билеп, ер балалар «Қамшы» биін биледі.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
қазан айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қазан айының 29-нда ересек «Ақбота» тобында «Киіз басу» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – казак халкының ұлттык өнері -киіз басу турлы балалаға айту. Оның жасалу жолы мен түрлерін айту, көрсету.

Аталған іс-шараға кіші топтарының аналары арнайы шақырылды және кіші топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында қыз балаларға киіз басу туралы айтылды. Қолданылатын материалдардың ортақтығына қарамастан, олардың барлығы ою-өрнектің ерекшелігімен, әртүрлі аймақтар мен рулық топтарға тән сән мен реңктік құрылымның тәсілдерімен ерекшеленетіні, киіз үйді сыртынан жабу үшін ең қажетті материал бірінші кезекте (суық қысқы желден, далалы ыстық күннен, төгілмелі жаңбырдан) киіз, ал еденге арналған төсеніш ретінде (қыста жылуды сақтайтын, жазда қызып кетпейтін және шаңды ұстайтын) киіз кілем – текемет болып табыладыны айтылды. Осындай мәліметтерден кейін жүгізуші А.Смағұлова ата-аналарға сұрақ қоя отырып, балалардың тәрбиесі туралы сөз қозғады. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті. Жүннен жасалған текеметтің пайдасы туралы айта отырып, ата-аналар киіз басуды балаларға көрсетті.

«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес аталмыш іс-шара киіз басу өнеріне арналды. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалды.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
қараша айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қараша айының 21-нде ересек «Көбелек» тобында «Шашбау-шаш сәні» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қыздарға шашбау туралы түсіндіру, шашбау тағы үлгісін көрсету, жас аналарға шашбау тағы салтын насихаттау.

Аталған іс-шараға кіші топтарының аналары арнайы шақырылды және кіші топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында қыз балаларға шашбау туралы айтылды. Қыз он беске толғанда, шашбау тағады. Қазақ халқына ғана тән дәстүріміз сахна төрінде дәріптелді. Жас аналар шашбау тағу дәстүрін сахналық қойылым арқылы балаларға түсіндірді.

Шолпы – ұлттық әшекей ғана емес, қыз баласының бойжеткенін білдіретін рәміз. Он бес жасқа толғанда жеңгесі екі үзбелі күміс шашбауды қос бұрымына тағады. Мұны – шолпы тағу дәстүрі дейді. Осы сәттен бастап бойжеткенін білген ару жүрісіне дейін мән бере бастайды. Өйткені құда түсушілер қыздың мінезін шолпысының сыңғырынан аңғарған.

Топтың аналары Ибраева Таншолпан мен Мухамбетжанова Әсима шолпы туралы, оның тарихы мен мазмұны, тәрбиелік мәні туралы балаларға жақсы түсіндіре білді. Осындай мәліметтерден кейін жүгізуші Ғ.Изтлеуова ата-аналарға сұрақ қоя отырып, балалардың тәрбиесі туралы сөз қозғады. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті. «Тақия тастамақ», «Сақина салу» ұлттық ойындары ойнатылды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарына сәйкес аталмыш іс-шара шашбау тағу салтына арналды. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, іс-шараның идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Барлық қатысқан аналарға алғыс айтылды.

ӘДІСКЕР

 И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балзбақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
желтоқсан айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес желтоқсан айының 11-нде ересек «Тәй-тәй» тобында «Қазақтың тыйым сөздері мен ырымдары» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – әжелер ұлағатынан өнеге ала отырып, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне білуге үйрету.

Аталған іс-шараға ересек топтарының аналары арнайы шақырылды және ересек «Тәй-тәй» тобының тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында қыз балаларға қазақ халқының тыйым сөздері туралы айтылды.

- Дастарханды, тамақты баспа.
- Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.
- Малды, ыдысты, тамақты теппе.
- Суды сапырма, суға дәретке отырма, суға түкірме.
- Көкті жұлма, шашынды жұлма.
- Үй айнала жүгірме.
- Босағаны керме, құшақтама.
- Табалдырықты баспа, отырма.
- Үйді сабама, малды басқа сабама.
- Бейіт тұсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе.
- Бейітке қолынды шошайтпа, оған қарап тұзге отырма.
- Итке ожаумен ас құйма.

Осындай мәліметтерден кейін жүгізуші Ж.Түлегенова ата-аналарға сұрақ қоя отырып, балалардың тәрбиесі туралы сөз қозғады. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарына сәйкес аталмыш іс-шара шашбау тағу салтына арналды. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, іс-шараның идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Барлық қатысқан аналарға алғыс айтылды.

ӘДІСКЕР  И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
қаңтар айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қаңтар айының 23-нде МАД «Балапан» тобында «Жүн түту» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – ұлттық нақыштағы құралдармен таныстырып, олардың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіндіру.

Аталған іс-шараға МАД «Балапан» тобының әжелері арнайы шақырылды және топтың тәрбиеленушілері де қатысты. Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарған және оны ұқсатуды халық бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен бау-шу, арқан-жіп, киім-кешек, қазақ үйдің киізін, әр түрлі төсеніштер мен қап, шекпен сияқты ең қажетті мүліктер жасалған. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, содан кейінгісі жылқының жал-құйрығы, түйенің шудасы. Жүк артып, күш көлік ретінде пайдаланылған түйенің жүні ұйысып, киіздей болып қалады. Оны “жабағы” дейді. Өлгі жабағының астынан “боздақ” деп аталатын ұлпілдек жүн өседі де, жабағы өзінен-өзі көтеріледі. Түйе жабағысынан әр түрлі жеңіл де жылы күпі тігіледі. Жабағы жүнді түтіп көрпеге де салады, әр түрлі жіптер иіреді.

Іс-шара барысында ардақты әжелеріміз жүн түтіп, ата-бабалардан келе жатқан мұра-ұршық иіруді көрсетіп, «Немереме» әнін шырқады.

Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалды.

ӘДІСКЕР

 И.А. ЖАНАДИЛОВА

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балалбақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
ақпан айында ұйымдастырылған
іс-шараға

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес ақпан айының 20-нда ересек «Аябота» тобында «Халық дәстүрі-асыл қазына» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – балаларға халық дәстүрінің маңыздылығы туралы түсіндіру. Халық дәстүрінің мәнін түсініп, оны қадірлеп, бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

«Халық дәстүрі-асыл қазына» тақырыбында өткен әжелер мектебінің отырысына кіші топтарының аналары арнайы шақырылды және топтың тәрбиеленушілері де қатысты. «Тұсау кесер» салт-дәстүрлері көрсетіліп, балаларға түсіндірілді. Ісшара барысында аналар балаларға Іс-шара барысында ардақты әжелеріміз жүн түтіп, ұршық иіріп, ата-бабалардан келе жатқан мұра-ұршық иіруді көрсетіп, «Немереме» әнін шырқады. Іс-шараның соңында қыз балалар «Қамажай» биін биледі.

Іс-шара барысында ардақты әжелеріміз жүн түтіп, ұршық иіріп, ата-бабалардан келе жатқан мұра-ұршық иіруді көрсетіп, «Немереме» әнін шырқады.

Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалды.

ӘДІСКЕР  И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-бағдарламасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Аналар мектебі» жоспарына сәйкес
сәуір айында ұйымдастырылатын
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойымызға сіңіру, отбасында әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес сәуір айының 23-нде ересек «Тәй-тәй» тобында «Мен анамның көмекшісімін» тақырыбында танықшылық іс-шарасы өтті. Мақсаты – балаларға аналарға көмектесу керектігі туралы айту, анаға колқанат болуға баулу, аналарға көмектесе отырып, үй шаруасына икемдеу.

«Мен анамның көмекшісімін» тақырыбында өткен аналар мектебінің отырысына ересек «Тәй-тәй» тобының аналары арнайы шақырылды және топтың тәрбиеленушілері де қатысты. Топтың тәрбиеленушілері «Ана деп ән саламын» әнін орындады. Топтың тәрбиешісі Ж.Түлегенова жүргізді. Ісшара барысында балалар аналарға әртүрлі үй шаруасына қалай көмектесу керектігін көрсетті, бір топ балалар ата-аналармен киім жинау, шкафты жинастыру жағынан көмектесе, екінші топ балалары аналарымен бірге тұшпараны жасауға көмектесті, келесі топ балалары аналарымен бірге вафли пісірді. Балалар аналарымен бірге «Сөзді аяқта», «Дәмді тоқаш», «Сәнді бас киім», «Кір жаямыз» шарттары бойынша ойын ойнап, тапсырмалар орындады.

Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Топтың іші тақырыпқа сай бекемдірілген. Балалардың қызығушылықтары байқалды, әсіресе, қыз балалар жағы кілем тоқу ісіне қызыға қарап, белсене қатысты.

ӘДІСКЕР

 И.А. ДЖАНАДИЛОВА